



ШЕШІМ

23.08.2019

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№ **426/54-VI**

город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
жанындағы Жеке кәсіпкерлік
мәселелері жөніндегі сараптамалық
кеңестің құрамы туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімге Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Астана қаласы мәслихаты:

- 2018 жылғы 6 маусымдағы №273/33-VI «Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің құрамы туралы»;

- 2018 жылғы 11 қарашадағы №330/41-VI «Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің құрамы туралы» шешімдері жойылсын.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы**

Қ. Таукен

**Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы**

Ж. Нұрпейісов

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
2019 жылғы 23 тамыздағы
№ 426/54-VI шешіміне
қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы
Жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің құрамы

- | | |
|---------------------------------|---|
| Бектұрова
Мәлика Ерланқызы | – Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары,
төраға |
| Жүзенов
Қасымхан Бегімшеұлы | – «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар
және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы»
мемлекеттік мекемесі басшысының
орынбасары, төрағаның орынбасары |
| Әбдірешова
Эльмира Болатқызы | – «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар
және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы»
мемлекеттік мекемесі әкімшілік-
құқықтық бөлімінің бас маманы, хатшы |
| Аюпов
Аман Біләлұлы | Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
Депутаты |
| Есеналиева
Әйгерім Ерікқызы | – «Елордалық туризм қауымдастығы
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)» қауымдастық
нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігінің
төрағасы (келісім бойынша) |
| Мерва
Надежда Михайловна | – «Астана қаласы кәсіпкерлерінің құқығын
қорғау жөніндегі қауымдастық» заңды
тұлғалар бірлестігінің директоры
(келісім бойынша) |
| Сағиев
Эрик Бекболатұлы | – «Сарыарқа» Астана қаласы
кәсіпкерлерінің қауымдастығы» заңды
тұлғалар бірлестігінің басқарма төрағасы
(келісім бойынша) |
| Таласбаев
Айдар Нысанбекұлы | – Нұр-Сұлтан қаласы Кәсіпкерлер
палатасының кәсіпкерлердің құқықтарын
қорғау және әкімшілік кедергілерді азайту
бөлімінің бірінші санаттағы сарапшысы
(келісім бойынша) |
-